

Кейбір мемлекеттік мекемелердің ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 шілдедегі № 211 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 тамызда № 3282 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 9 тамыздағы № 178 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 09.08.2016 № 178 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы Жарлығына сәйкес, Индер ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Қоса беріліп отырған:

- 1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес "Индер аудандық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже;
- 2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес "Индер аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Д.Д. Шамұратовқа жүктелсін.

Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

C. Арыстан

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы "24" шілдедегі № 211 қаулысына 1 қосымша

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы "24" шілдедегі № 211 қаулысымен бекітілген

"Индер аудандық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. "Индер аудандық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) кәсіпкерлік, өнеркәсіп, сауда, сыртқы экономикалық байланыс және

туризм салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Бөлімнің ведомстволары жоқ.

Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасымен Президенті мен Үкіметінің актілеріне, езге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Бөлім мемлекеттік мекеменің ұйымдық – құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі банкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

Бөлім құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

Заңды тұлғаның орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 060200, Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті, Мендіғалиев көшесі, 30/26 үй.

Мемлекеттік органдың толық атауы – "Индер аудандық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік мекеменің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

Бөлімнің миссиясы:

кәсіпкерлік, өнеркәсіп, сауда, сыртқы экономикалық байланыс және туризм

салаларындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

Міндеттері:

- 1) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 2) сауда саясатын жүргізуі қамтамасыз ету;
- 3) туристік саладағы қызметті үйлестіру.

Функциялары:

- 4) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатының іске асырылуын жүзеге асыру;
- 5) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 6) өнірде шағын және орта кәсіпкерлікті және инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымының объектілерін құру мен дамытуды қамтамасыз ету;
- 7) жергілікті атқарушы органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен өзара қарым-қатынастарын дамыту стратегиясын айқындау;
- 8) сарапшылық кеңестердің қызметін ұйымдастыру;
- 9) жергілікті деңгейде жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;
- 10) ауданда бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында, шет ел әріптестерімен қарым-қатынастарды дамыту, экономиканың нақты секторына және әлеуметтік салаға инвестиция тарту жұмыстарын ұйымдастыру;
- 11) Қазақстан Республикасының шет ел елшіліктері арқылы шет ел инвесторларын қаланың өндірістік әлеуетімен таныстыру мақсатында, халықаралық форумдар мен көрмелерге жергілікті тауар өндірушілерінің қатысуын қамтамасыз ету;
- 12) сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту жұмыстарын жүргізу;
- 13) сауда саясатын жүргізуі қамтамасыз ету;
- 14) өз құзыretі шегінде сауда қызметі субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асыру;
- 15) аудан аумағында сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар әзірлеу;
- 16) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 17) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативіне қол жеткізу жөнінде шаралар әзірлеу және іске асыру;
- 18) көрмелер мен жәрменкелер ұйымдастыруды жүзеге асыру;
- 19) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына өз құзыretі шегінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

20) аудан аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және үйлестіруді жүзеге асыру;

21) аудандық туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және енгізу;

22) жергілікті мемлекеттік басқару мұдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Құқықтары мен міндеттері:

23) жиналыстарды өткізу тәртібін ұйымдастырады, аудан әкімдігінің отырыстарына қатысады;

24) Бөлім қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарына жария етілуін қамтамасыз етеді;

25) Бөлім Қазақстан Республикасының зандарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, осы Ережеге сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

Бөлімнің басшысын қызметке аудан әкімі тағайындауды және қызметтен босатады.

Бөлім басшысының өкілеттігі:

26) өз қызметін жүзеге асыру кезінде аудан әкімі мен жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына есеп береді;

27) орынбасарының және қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіліктерін анықтайды;

28) қызметкерлерді қызметке тағайындауды және босатады;

29) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерді ынталандыруды жүзеге асырады;

30) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданады;

31) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік және қаржы құжаттарына қол қояды;

32) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда сенімхатсыз Бөлімнің мұддесін білдіреді;

33) сыйайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды қолданады және сыйайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қолданбағаны үшін дербес

жауапкершілікте болады;

34) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттілікті жүзеге асырады.

Бөлім басшысы болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

Егер заңнамады өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы "24" шілдедегі № 211 қаулысына 2 қосымша
Аудан әкімдігінің 2015 жылғы "24" шілдедегі № 211 қаулысымен бекітілген

"Индер аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

2. "Индер аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) өз құзыреті шегінде ауылшаруашылығы саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік орган болып табылады.

Бөлімнің ведомстволары жоқ.

Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасымен Президенті мен Үкіметінің актілеріне,

өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Бөлім мемлекеттік мекеменің үйымдық – құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі банкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілдептік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды

Бөлім құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

Занды тұлғаның орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы 060200, Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті, Мендіғалиев көшесі, 30/9 үй.

Мемлекеттік органның толық атауы – "Индер аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік мекеменің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

Бөлімнің миссиясы:

агаралық сектордың даму концепцияларын, жобалау тенденцияларын талдауын жүзеге асыру және оның келешегін анықтау және нарықтық қарым-қатынас шарттарында ауданда аграрлы саясатты жүргізу.

Міндеттері:

35) бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің экономикалық жағдайларын жасау;

36) азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

37) заңнамамен жүктелген басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

Функциялары:

38) агроенеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында жедел ақпарат жинауды жүргізу және оны аудан әкімдігіне беру;

39) тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерге, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат ұсыну;

40) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерден асыл тұқымды мал туралы деректер жинауды жүзеге асыру;

41) көрмелер мен жәрменқелер ұйымдастыруды жүзеге асыру;

42) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

43) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Құқықтары мен міндеттері:

44) өз функцияларын орындау мақсатында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан және басқа да ұйымдардан қажетті құжаттарды, ақпараттарды сұрау және алу;

45) өз құзырына жататын мәселелерді шешуді қарау жөнінде аудан әкіміне және әкімдігіне ұсыныстар енгізу;

46) шаруа (фермер) қожалықтары және басқа да ауыл шаруашылық құрылымдарына қажетті жағдайда әдістемелік, ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық көмек көрсетуге;

47) міндеттіне кіретін мәселелер бойынша бекітілген тәртіпке сәйкес семинарлар, кеңестер, жиналыстар өткізуге;

48) жиналыстарды өткізу тәртібін ұйымдастырады, аудан әкімдігінің отырыстарына қатысады;

49) Бөлім қызметтінің бұқаралық ақпарат құралдарына жария етілуін қамтамасыз етеді;

50) Бөлім Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметтінің актілеріне, осы Ережеге сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

Бөлімнің басшысын қызметке аудан әкімі тағайындауды және қызметтен босатады.

Бөлім басшының өкілеттігі:

51) өз қызметін жүзеге асыру кезінде аудан әкімі мен жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына есеп береді;

52) орынбасарының және қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіліктерін анықтайды;

53) қызметкерлерді қызметке тағайындауды және босатады;

54) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерді ынталандыруды жүзеге асырады;

55) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданады;

56) өз құзыреті шегінде бүйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік және қаржы құжаттарына қол қояды;

57) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда сенімхатсыз Бөлімнің мүддесін білдіреді;

58) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды қолданады және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қолданбағаны үшін дербес жауапкершілікте болады;

59) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттілікті жүзеге асырады.

Бөлім басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

Егер заңнамады өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және

қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК